

# Сабақтың тақырыбы: Internet Explorer -де жұмыс жасау




## Сабақтың мақсаты:



1. Оқушылардың интернет желісінде жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.
2. Өз бетінше жұмыстануға, ізденуге, іскерлік пен дағдыларын қалыптастыру, алған теориялық білімдерін практика жүзінде пайдалана білу.
3. Оқушыларды топпен жұмыс жасауға, шығармашылыққа тәрбиелеу.

## Сабақтың түрі: практикалық сабақ

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, топтық, жеке жұмыс, СТО технологиясы



# Сабақтың барысы:

## I. Ұйымдастыру кезеңі



Сынып оқушыларын төрт топқа бөліп, топ басшылары сайланады. Сабақ соңында топ басшылары топ мүшелерін бағалайды, ал топ басшыларын мұғалім бағалайды.

## II. "Ой сергіту" кезеңі (үй тапсырмасы бойынша сұрақтар)

1. Интернет дегеніміз не?
2. Модем дегеніміз не?
3. Шлюз деген не?
4. Интернет желісінде қандай хаттама қолданылады?
5. Web сайт деген не?
6. Интернетте қандай іздеу серверлері бар?
7. Веб-сайтқа арналған URL –дің жалпы көрінісі қандай?


# III. "Мағынаны тану" кезеңі (жаңа сабақты электрондық оқулықпен түсіндіру)





# IV. Бекіту

- 1) “Ойға шабуыл” кезеңі (электрондық оқулықтағы тапсырмаларды орындау)
- 2) “Интернет ГИД” (Интернет желісінде практикалық жұмыс орындау)
- 3) “Кім білгір?” кезеңі (электрондық оқулықтан тест жұмысын орындау)
- 4) “Топтастыру” әдісі



# Интернет ГИД

1 топ. [www.rambler.ru](http://www.rambler.ru) іздеу порталына кіріңіз. Іздеу жолында “сайт президента РК” кілт сөзін енгізіңіз. Сайттардың ішінен “Қазақстан-2030” сайты ашып, оны көшіріп алыңыз.

2 топ. [www.google.kz](http://www.google.kz) порталына кіріп, іздеу жолына рефераттар кілт сөзін теріңіз. Таңдаған сайттан рефератты компьютерге көшіріңіз.

3 топ. [www.rambler.ru](http://www.rambler.ru) іздеу порталына кіріңіз. Іздеу жолында “Салауатты өмір салты” кілттік сөз енгізіңіз. Таңдаған сайттан мақаланы таңдаңыз.

4 топ. [www.informatic.kz](http://www.informatic.kz) сайты адрес жолына енгізіңіз. Ашылған терезеден ұнаған сайтты таңдаңыз да көшіріп алыңыз.





# Ү. Қорытынды

*Инсерт әдісі*

Не білдім?	Не білемін?	Нені білгім келеді?

ҮІ. Үйге тапсырма: п 11.5



# Нәтиже

*Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеті дамыды*

*Топпен жұмыс жасап үйренді, шығармашылық қабілеттері артты*

*Оқушылардың білімге деген ынтасы мен ізденістері артты.*

*Жүйелі ойлау дағдысы қалыптасты.*

*Электрондық оқулықпен жұмыс жасап үйренді.*

*Компьютерлік сауаттылығы, теориялық білімдерін практикада қолдана білді.*

**Мектеп – кеме  
Білім - теңіз**